

**2015 жылға арналған Тимирязев ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 12 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 ақпанда N 3119 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 сәуірдегі N 114 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 05.05.2015 N 114 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-1)-тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімінің орынбасары Ж.Е. Мәкеноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Аудан әкімі*

*Е. Базарханов*

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 12 қаулысымен бекітілген

**2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

|  |          |                  |            |                         |
|--|----------|------------------|------------|-------------------------|
|  | Мектепке | Мектепке дейінгі | Ата-ананың | Б і р<br>тәрбиеленушіге |
|--|----------|------------------|------------|-------------------------|

| Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы  | дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны | ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге) | төлем ақысының ай сайынғы мөлшері (теңге) | айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) |
|---|--|--|---|--|
| "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің "Радуга" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны | 120  | 22733,0  | 5250,0                                    | 22733,0  |
| Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мектепке дейінгі шағын орталықтар   | 120  | 11992,0  | 4830,0                                    | 11992,0  |
| Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мектепке дейінгі шағын орталықтар  | 350  | 14669,0  | 4830,0                                    | 14669,0  |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК